2	Қарағанды облысы әкімінің аппараты	318	33	6	20	259
3	Астана қаласы әкімінің аппараты	252	69	5	12	166
4	Шығыс Қазақстан облысы әкімінің аппараты	165	4	1	-	160
5	Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты	155	2	9	8	136
	Батыс Қазақстан					



6	облысы әкімінің аппараты	309	18	7	3	281
7	Атырау облысы әкімінің аппараты	305	10	0	3	292
8	Алматы қаласы әкімінің аппараты	347	21	4	14	308
9	Алматы облысы әкімінің аппараты	34	2	1	-	31
10	Ақтөбе облысы әкімінің аппараты	53	4	-	-	49
11	Жамбыл облысы әкімінің аппараты	360	3	-	1	356
12	Ақмола облысы әкімінің аппараты	156	34	8	7	107
13	Ұлытау облысы әкімінің аппараты	100	46	2	1	51
14	Павлодар облысы әкімінің аппараты	309	19	9	-	281
15	Жетісу облысы әкімінің аппараты	182	18	2	1	161
16	Абай облысы әкімінің аппараты	182	23	1	1	157
17	Қызылорда облысы әкімінің аппараты	658	658	-	-	-
18	Қостанай облысы әкімінің аппараты	278	26	27	1	224

19	Түркістан облысы әкімінің аппараты	461	185	70	6	200
20	Маңғыстау облысы әкімінің аппараты	188	1	1	-	186
ЖИЫНЫ:			1 199	155	87	3 525

### 2022 ЖЫЛ

Р/с №	Жергілікті атқарушы органдардың атауы	КСС саны:	2022 жылы ҚТК қол жеткізген КСС саны:			
			ҚТК (50 %-дан төмен)	ҚТК (50 – 70 %)	ҚТК (70 – 90 %)	ҚТК (90 – 100 %)
1	Шымкент қаласы әкімінің аппараты	154	9	2	5	138
2	Қарағанды облысы әкімінің аппараты	318	26	6	16	270
3	Астана қаласы әкімінің аппараты	252	23	9	14	206
4	Шығыс Қазақстан облысы әкімінің аппараты	165	2	1	-	162
5	Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты	155	2	6	10	137
6	Батыс Қазақстан облысы әкімінің аппараты	309	18	2	7	282
7	Атырау облысы әкімінің аппараты	305	7	1	1	296
8	Алматы қаласы әкімінің аппараты	347	17	3	22	305

9	Алматы облысы әкімінің аппараты	34	2	0	2	30
10	Ақтөбе облысы әкімінің аппараты	53	4	1	-	48
11	Жамбыл облысы әкімінің аппараты	360	3	1	2	354
12	Ақмола облысы әкімінің аппараты	156	25	15	7	109
13	Ұлытау облысы әкімінің аппараты	100	38	6	2	54
14	Павлодар облысы әкімінің аппараты	309	20	9	2	278
15	Жетісу облысы әкімінің аппараты	182	12	3	1	166
16	Абай облысы әкімінің аппараты	182	23	-	3	156
17	Қызылорда облысы әкімінің аппараты	658	658	-	-	-
18	Қостанай облысы әкімінің аппараты	278	23	21	2	232
19	Түркістан облысы әкімінің аппараты	461	181	71	6	203
20	Маңғыстау облысы әкімінің аппараты	188	-	1	-	187
ЖИЫНЫ:			1 093	158	102	3 613

2023 жыл

			2023 жылы ҚТК қол жеткізген КСС саны:			
--	--	--	---------------------------------------	--	--	--

Р/с №	Жергілікті атқарушы органдардың атауы	КСС саны:	ҚТК (50 %-дан төмен)	ҚТК (50 – 70 %)	ҚТК (70 – 90 %)	ҚТК (90 – 100 %)
1	Шымкент қаласы әкімінің аппараты	154	8	1	6	139
2	Қарағанды облысы әкімінің аппараты	318	23	6	11	278
3	Астана қаласы әкімінің аппараты	252	18	5	8	221
4	Шығыс Қазақстан облысы әкімінің аппараты	165	1	2	-	162
5	Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты	155	4	3	13	135
6	Батыс Қазақстан облысы әкімінің аппараты	309	16	3	6	284
7	Атырау облысы әкімінің аппараты	305	4	1	1	299
8	Алматы қаласы әкімінің аппараты	347	8	2	14	323
9	Алматы облысы әкімінің аппараты	34	-	-	-	34
10	Ақтөбе облысы әкімінің аппараты	53	2	-	1	50
11	Жамбыл облысы әкімінің аппараты	360	1	1	1	357

12	Ақмола облысы әкімінің аппараты	156	24	12	9	111
13	Ұлытау облысы әкімінің аппараты	100	30	2	1	67
14	Павлодар облысы әкімінің аппараты	309	10	4	4	291
15	Жетісу облысы әкімінің аппараты	182	4	2	3	173
16	Абай облысы әкімінің аппараты	182	20	1	1	160
17	Қызылорда облысы әкімінің аппараты	658	658	-	-	-
18	Қостанай облысы әкімінің аппараты	278	21	21	1	235
19	Түркістан облысы әкімінің аппараты	461	185	62	5	209
20	Маңғыстау облысы әкімінің аппараты	188	-	-	-	188
ЖИЫНЫ:		4 966	1 037	128	85	3 716

Республикалық және коммуналдық меншік бойынша соңғы үш жылдағы КСС қызметінің түйінді көрсеткіштеріне қол жеткізу жөніндегі деректерді талдау көрсеткіштердің оң динамикасын және ҚТК-ге қол жеткізу пайызының жыл сайынғы ұлғаюын куәландырады.

2.9. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне берілген мемлекеттік қолдау шаралары және олардың көлемі мен нысаналы мақсаты көрсетілген республикалық бюджеттен өзге де түсімдер туралы мәліметтер

Мемлекеттік қолдаудың мақсаты КСС-ті дамыту үшін қолайлы экономикалық және ұйымдастырушылық жағдайлар жасау болып табылады.

1. КСС-ге есепті кезеңде негізінен әлеуметтік салаға (денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт, музейлер) бағдарланған мемлекеттік субсидиялар мен мемлекеттік көмек бөлінді.

Республикалық меншіктегі КСС-ге мемлекеттік субсидиялар мен мемлекеттік көмектен түскен кірістер:


2021 жылы 39,8 млрд теңгені;

2022 жылы 47,4 млрд теңгені;

2023 жылы 44,1 млрд теңгені құрады.

Соңғы үш жылда КСС-ге мемлекеттік субсидиялар мен мемлекеттік көмектен түскен кірістердің ұлғаюы байқалады (ақпарат 27-суретте берілген).

27-сурет



Коммуналдық меншік бойынша КСС-ге мемлекеттік субсидиялар мен мемлекеттік көмектен түскен кірістер:

2021 жылы 14,6 млрд теңгені;

2022 жылы 25,3 млрд теңгені;

2023 жылы 309,7 млрд теңгені құрады.

Соңғы үш жылда КСС-ге мемлекеттік субсидиялар мен мемлекеттік көмектен түскен кірістердің ұлғаюы байқалады (ақпарат 28-суретте берілген).

28-сурет

2. КСС жарғылық капиталын қалыптастыру және толықтыру заңды тұлғаның даму мақсаттарына арналған бюджет қаражаты есебінен ақшалай түрде не мүлікпен жүргізіледі.

Мәселен, 2021 – 2023 жылдары жарғылық капиталды қалыптастыруға және/немесе ұлғайтуға ақшалай түрде:

2021 жылы 30,6 млрд теңге;

2022 жылы 134,9 млрд теңге;

2023 жылы 244,4 млрд теңге бөлінді.

Соңғы үш жылда КСС жарғылық капиталын жыл сайынғы толықтыру байқалады ( ақпарат 29-суретте берілген).

29-сурет

Соңғы үш жылда КСС жарғылық капиталын қалыптастыру

және/немесе ұлғайту бойынша ақпарат



15-кесте

Ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны	2021 жыл		2022 жыл		2023 жыл	
	Саны	Сомасы, млрд теңге	Саны	Сомасы, млрд теңге	Саны	Сомасы, млрд теңге
РМК	1	7,7	1	9,1	-	-

АҚ	5	22,9	4	125,8	5	244,4
Жиыны:	6	30,6	5	134,9	5	244,4

3. 2021 – 2023 жылдары республикалық бюджеттен КСС үшін бюджеттік кредиттер бөлінді:

2021 жылы 284,7 млрд теңге;

2022 жылы 577,2 млрд теңге;

2023 жылы 410,3 млрд теңге.

Соңғы үш жылда республикалық бюджеттен КСС-ті жыл сайынғы кредиттеу туралы ақпарат 30-суретте берілген.

30-сурет

### 2021 – 2023 жылдары КСС-ті бюджеттік кредиттеу бойынша ақпарат

16-кесте

Р/с №	Ұйымның алушының атауы	Нысаналы мақсаты	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл
		"Бәйтерек" ҰБХ " АҚ - ны экспорттық қаржыландыруды ынталандыру үшін, автобустарды лизингке өткізу бойынша, жолаушылар вагондары паркін жаңартуды қаржыландыру үшін, Қарағанды облысының Саран қаласында шиналар өндірісін ұйымдастыру" жобасын лизингтік қаржыландыру			



1	"Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" АҚ	<p>үшін, жүк техникасының жетекші белдіктердің басты берілістерін шығару жөніндегі жобаны қаржыландыру үшін, ҚР ИИДМБ-ның 2020 – 2025 жылдарға жылға арналған жобаларын қаржыландыру үшін, тракторларды, комбайндарды лизингке өткізу бойынша, өңдеу өнеркәсібінің жобаларын қаржыландыру үшін, жүк техникасының жетекші көпірлерінің арқалықтарын оқшаулау деңгейін ұлғайту жөніндегі жобаны іске асыру үшін, Қазақстанда шығарылған ауыл шаруашылығы техникасын қоспағанда, автокөлік құралдары мен арнайы мақсаттағы автотехниканы лизингке сатып алатын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерді лизингтік қаржыландыру үшін кредиттеу</p>	112,7	371,0	34,4
---	---	---	-------	-------	------

2	"Аграрлық несиесі корпорациясы" АҚ	Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қолдау жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін "Аграрлық несиесі корпорациясы" АҚ-ны кредиттеу	70,0	140,0	140,0
3	"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ	Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мен орнықтылығын қамтамасыз ету үшін "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ-ны кредиттеу	0,0	0,0	162,6
4	"Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ	Алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын беру үшін "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ-ны бюджеттік кредиттеу	102,0	66,2	73,3
<b>ЖИЫНЫ:</b>			<b>284,7</b>	<b>577,2</b>	<b>410,3</b>

2.10. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің республикалық бюджет секторын толықтыруы туралы мәліметтер

2021 – 2023 жылдардағы республикалық бюджетке дивидендтер түсімдерінің, таза кірістің бір бөлігінің динамикасы 17-кестеде берілген.

17-кесте

БСК кодтары	Түсімдердің атауы	Өлшем бірлігі	2022 жыл (2021 жылдың қорытындысы бойынша)	2023 жыл (2022 жылдың қорытындысы бойынша)	2024 жыл (2023 жылдың қорытындысы бойынша) 01.09.2024 жылғы жағдай бойынша нақты түсімдер

201101	Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігінің түсімдері	млрд теңге	3,2	23,3	57,8
201301	Республикалық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер	млрд теңге	223,5	1 337,9	695,7
201401	Республикалық меншіктегі заңды тұлғаларға қатысу үлестеріне кірістер	млрд теңге	12,6	19,0	1,1

1. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестеріне кірістер туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 142 қаулысына сәйкес мемлекет қатысатын АҚ (ЖШС) 2020 жылдың және одан кейінгі жылдардың қорытындылары бойынша таза шоғырландырылған кірістің кемінде 70 %-ын (*еншілес ұйымдар болмаған жағдайда – жекеден*) дивидендтер төлеуге (*таза кірістің бір бөлігі*) жіберуі тиіс.

Бұл ретте "Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ дивидендтік саясаты Қазақстан Республикасы Үкіметінің жеке шешімімен айқындалады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 мамырдағы № 543 қаулысымен бекітілген Ұлттық әл-ауқат қорының дивидендтік саясатына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша есепті жылдан кейінгі жылы іске асыру жоспарланған жобаларды Ұлттық әл-ауқат қорының қаржыландыру көлемін ескере отырып, жалғыз акционердің есебіне жазылатын жыл сайынғы дивидендтердің мөлшері Ұлттық әл-ауқат қоры жүйе құраушы компаниялардан алатын дивидендтердің 50 %-ын құрайды (*бұл ретте мемлекеттік акциялар пакетіне дивидендтердің ең төменгі мөлшері – 25 млрд теңге*).

**2021 жылдың қорытындысы бойынша республикалық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер**

2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 137 АҚ-ның мемлекеттік акциялар пакеті республикалық меншікте болды, оның ішінде:

дивидендтер төлеуді жүргізбейтін 54 КеАҚ;

21 АҚ 2021 жылдың қорытындысы бойынша шығынға ұшырады (66,7 млрд теңге сомасында);

8 АҚ тарату сатысында және/немесе ҚШҚ жүзеге асырмайды;

3 АҚ-та теріс меншікті капитал бар ("Акционерлік қоғамдар туралы" ҚР Заңына сәйкес дивидендтер төлемейді);

50 АҚ 2021 жылды пайдамен аяқтады.

1 компания – ERGS.a.r.l. (Люксембург резиденті болып табылады, мемлекеттік акциялар пакеті – 40 %) сот шектеулеріне байланысты қазіргі уақытта дивидендтер төлеу жүзеге асырылмайды.

2022 жылға арналған республикалық бюджетте мемлекеттік акциялар пакетіне дивидендтер 207,6 млрд теңге мөлшерінде көзделген. Іс жүзінде 223,5 млрд теңге түсті. Дивидендтер жоспарының орындалуы 107,6 %-ды құрады.

**2021 жылдың қорытындысы бойынша республикалық меншіктегі ЖШС-не қатысу үлесіне кірістер**

2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 30 ЖШС жарғылық капиталына қатысу үлесі республикалық меншікте болды, оның ішінде:

5 ЖШС 2021 жылдың қорытындысы бойынша шығынға ұшырады (1,6 млрд теңге);

4 ЖШС тарату сатысында және/немесе ҚШҚ жүзеге асырмайды;

21 ЖШС 2021 жылды оң нәтижемен аяқтады.

2022 жылға арналған республикалық бюджетте ЖШС-ден түскен таза кірістің бір бөлігінің сомасы 6,7 млрд теңге мөлшерінде көзделген. Іс жүзінде 12,6 млрд теңге түсті. Таза кірістің бір бөлігі жоспарының орындалуы 189,6 %-ды құрады.

**2022 жылдың қорытындысы бойынша республикалық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер**

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 140 АҚ-ның мемлекеттік акциялар пакеті республикалық меншікте болды, оның ішінде:

дивидендтер төлеуді жүргізбейтін 56 КеАҚ;

18 АҚ 2022 жылдың қорытындысы бойынша шығынға ұшырады (53,4 млрд теңге сомасында);

8 АҚ тарату сатысында және/немесе ҚШҚ жүзеге асырмайды;

2 АҚ-та теріс меншікті капитал бар ("Акционерлік қоғамдар туралы" ҚР Заңына сәйкес дивидендтер төлемейді);

56 АҚ 2022 жылды пайдамен аяқтады.

1 компания – ERGS.a.r.l. (Люксембург резиденті болып табылады, мемлекеттік акциялар пакеті – 40 %) сот шектеулеріне байланысты қазіргі уақытта дивидендтер төлеу жүзеге асырылмайды.

2023 жылға арналған республикалық бюджетте мемлекеттік акциялар пакетіне дивидендтер 211,9 млрд теңге мөлшерінде көзделген. Іс жүзінде 1 337,9 млрд теңге түсті. Дивидендтер жоспарының орындалуы 631,1 %-ды құрады.

## **2022 жылдың қорытындысы бойынша республикалық меншіктегі ЖШС-не қатысу үлесіне кірістер.**

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 30 ЖШС-не жарғылық капиталына қатысу үлесі республикалық меншікте болды, оның ішінде:

8 ЖШС 2022 жылдың қорытындысы бойынша шығынға ұшырады (1,9 млрд теңге);

4 ЖШС тарату сатысында және/немесе ҚШҚ жүзеге асырмайды;

18 ЖШС 2022 жылды оң нәтижемен аяқтады.

2023 жылға арналған республикалық бюджетте ЖШС-ден таза кірістің бір бөлігінің сомасы 8 млрд теңге мөлшерінде көзделген. Іс жүзінде 19 млрд теңге түсті. Осылайша, таза кірістің бір бөлігі жоспарының орындалуы 237,3 %-ды құрады.

2. "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 140-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі құрған республикалық мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда, республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 134 бұйрығымен белгіленген.

### **2021 жылдың қорытындысы бойынша РМК таза кірісінің бір бөлігінің түсімдері**

2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 173 РМК (шаруашылық жүргізу құқығында 72 және жедел басқару құқығында 101) болды, оның ішінде:

5 РМКҚ, РМК – тарату сатысында;

118 РМКҚ, РМК – 2021 жылды жалпы сомасы 43,1 млрд теңге пайдамен аяқтады;

21 РМКҚ, РМК – 2021 жылды жалпы сомасы 7,9 млрд теңге шығынмен аяқтады;

26 РМКҚ, РМК жылды нөлдік нәтижемен аяқтады (негізінен бұл мәдениет және спорт саласында қызмет көрсететін кәсіпорындар);

3 РМК, олар бойынша басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады (республикалық бюджетке аударымдар жүргізбейді).

2022 жылғы республикалық бюджетке 201101 "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігінің түсімдері" коды бойынша 3,2 млрд теңге түсті, бұл 5,3 млрд теңге жоспарланған жылдық түсімдер сомасынан 60,5 %-ды құрады.

### **2022 жылдың қорытындысы бойынша РМК таза кірісінің бір бөлігінің түсімдері**

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 171 РМК (шаруашылық жүргізу құқығында 71 және жедел басқару құқығында 100) болды, оның ішінде:

6 РМКҚ, РМК – тарату сатысында;

116 РМКҚ, РМК – 2022 жылды жалпы сомасы 91,8 млрд теңгемен аяқтады;

28 РМКҚ, РМК – 2022 жылды жалпы сомасы 35,6 млрд теңге шығынмен аяқтады;

18 РМКҚ, РМК жылды нөлдік нәтижемен аяқтады (негізінен бұл мәдениет және спорт саласында қызмет көрсететін кәсіпорындар).

3 РМК, олар бойынша басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады (республикалық бюджетке аударымдар жүргізбейді).

2023 жылғы республикалық бюджетке 201101 "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігінің түсімдері" коды бойынша 23,3 млрд теңге түсті, бұл 0,6 млрд теңге жоспарланған жылдық түсімдер сомасынан 3 886 %-ды құрады.

### **3. Мемлекеттік активтерді және квазимемлекеттік секторды басқару тетіктерін одан әрі дамыту жөніндегі тұжырымдар мен ұсыныстар**

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының Үкіметі жекешелендіруді жүргізу, кейбір қызмет түрлерін жүзеге асыруға шектеулер енгізу, сондай-ақ бәсекелестікті дамыту саласындағы заңнаманы жетілдіру арқылы мемлекеттің экономикаға қатысуын қысқарту жөнінде дәйекті жұмыс жүргізуде.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1095 қаулысымен бекітілген мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерінің тізбесіне (*Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 31 мамырдағы № 430 қаулысымен*) өзгерістер енгізілді.

Тізбенің бекітілген жаңа форматы бес таңбалы ЭҚЖК-ні және әрбір квазимемлекеттік сектор субъектісінің атауын көрсете отырып, ведомстволық бағыныстағы ұйымдар (*орталық мемлекеттік органдардың және жергілікті атқарушы органдардың*) қызметінің жарғылық түрлерін айқындайды, осыған байланысты мемлекеттік органдар мен ұйымдар 2026 жылғы 1 қазанға дейін жарғылық құжаттардан тізбеде бекітілгенге сәйкес келмейтін қызмет түрлерін алып тастау арқылы өздерінің ведомстволық бағыныстағы заңды тұлғаларының (*акцияларына (қатысу үлестеріне) тікелей немесе жанама иелік ету елу пайыздан асады*) қызмет түрлерін сәйкестікке келтіруге тиіс.

Сондай-ақ 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін квазимемлекеттік сектор субъектілерін құруға мораторий енгізілді (*Қазақстан Республикасы Президентінің тікелей тапсырмаларының орындалуын қамтамасыз ету қажеттілігін және "Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қоспағанда*) (*Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 21 тамыздағы № 678 қаулысы*).

2024 жылғы 28 мамырда "Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы (*бұдан әрі – Жарлық*) қабылданды.

Жарлыққа сәйкес Жекешелендіру жөніндегі ұлттық офис (*бұдан әрі – Офис*) құрылды және ағымдағы жылдың соңына дейін міндетті жекешелендіруге жататын мемлекеттік объектілерге қойылатын нақты өлшемшарттар әзірленді, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындардың қызметіне талдау жүргізіліп, жекешелендіруге жататын мемлекеттік активтердің тізбесі қалыптастырылатын болады.

Офис жұмысының мақсаты экономикалық кеңістікті босату және жеке кәсіпкерліктің әлеуетін толыққанды іске асыру, 2028 жылы жекешелендіруді аяқтау арқылы экономикадағы мемлекеттік секторды ауқымды және жедел қысқартуды жүргізу болып табылады.

Аталған жұмыстың қорытындысы бойынша ағымдағы жылдың соңына дейін Жекешелендірудің кешенді жоспары оған жекешелендірудің жаңа объектілерін енгізу арқылы кеңейтілетін болады (*IPO, SPO, аукциондар және басқаларын өткізуді қоса алғанда, олардың әрқайсысы бойынша іске асырудың шарттары мен әдістерін айқындай отырып*).

Сондай-ақ 2024 жылдың соңына дейін жекешелендіру бойынша мынандай негізгі тәсілдерді бекіту жұмыстары жоспарлануда:

бәсекелестік және ұсыныс деңгейі төмен тауар нарықтарына субсидиарлық (қосалқы) қатысу;

стратегиялық және әлеуметтік объектілерді, банкаралық төлемдер жүйесі мен қаржы нарығының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қаржы нарығы инфрақұрылымының объектілерін қоспағанда, мемлекет қатысатын барлық нарық субъектілерін міндетті түрде жекешелендіруді білдіретін нарық субъектілеріне уақытша қатысу;

мемлекет қатысатын нарық субъектісін құрудың мақсаттары мен міндеттерін, оның функцияларын айқындау және олардың жетістіктері мен іске асырылуын бағалау;

табиғи монополия субъектілерін қоспағанда, жекешелендіру кезінде жеке монополиялар (оның ішінде, жергілікті жерлердегі) құруға жол бермеу.

Корпоративтік басқаруды жетілдіру мақсатында:

акционерлік қоғамдар мен серіктестіктердің тәуелсіз директорларының (тәуелсіз мүшелерінің) тізілімін қалыптастыру;

тәуелсіз директорларды іріктеу тәртібі мен өлшемшарттарын белгілеу;

директорлар кеңесінің (*байқау кеңестерінің*) мүшелеріне сыйақы деңгейін айқындаудың және шығыстарды өтеудің үлгілік қағидаларын әзірлеу;

корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін бағалауды енгізу;

директорлар кеңесінің (*байқау кеңестерінің*) құрамына тәуелсіз директорларды (*тәуелсіз мүшелерді*) іріктеу бойынша конкурс өткізу арқылы ашық және болжамды тағайындаулар жүйесі құрылады.

Мәселен, бұл шаралар бәсекелестікті одан әрі дамыту, мемлекеттің экономикаға қатысу үлесін қысқарту, корпоративтік басқаруды жетілдіру үшін жағдайларды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жекешелендірудің 2016 – 2020 жылдарға арналған кешенді жоспары шеңберінде 771 ұйым бәсекелес ортаға берілді (*14.05.2024 ж. жағдай бойынша мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында орналастырылған ақпаратқа сәйкес*).

Статистикалық ақпарат және салық органдарының деректері негізінде жекешелендірілген 771 ұйым бойынша Ұлттық экономика министрлігі әлеуметтік-экономикалық әсерге қол жеткізілуіне талдау жүргізді, оның қорытындысы бойынша мынадай нәтижелер атап өтіледі:

квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жалпы ішкі өнімге қатысты жалпы қосылған құнының үлес салмағы 2016 жылғы 8,6 трлн теңгеден 2020 жылы 10,3 трлн теңгеге дейін жетті;

2022 жылы бір жұмыскердің орташа айлық номиналды жалақысы жекешелендірілген ұйымдарда 352 088 теңгені құрады, бұл республика бойынша бір жұмыскердің ұқсас кезеңдегі орташа айлық номиналды жалақысынан (350 542 теңге) 1 546 теңгеге жоғары;

жекешелендірілген ұйымдар бойынша негізгі капиталға инвестициялар көлемі 2023 жылы 57,5 млрд теңгені құрады, оның ішінде 98 %-ы – меншікті қаражат есебінен (56,3 млрд теңге), 1,7 %-ы – бюджет қаражаты (1 млрд теңге) және қарыз қаражаты (0,2 млрд теңге);

жекешелендірілетін ұйымдарды сатудан түскен түсімдер 578,8 млрд теңгені, оның ішінде республикалық меншікті жекешелендіруден түскен кірістер 39,8 млрд теңгені (7 %), коммуналдық меншіктен кірістер 41,7 млрд теңгені (7 %), ұлттық холдингтердің кірістері 497,3 млрд теңгені (86 %) құрады;

жекешелендірілген ұйымдардан түскен салық түсімдері 2023 жылы 162 698 млн теңгені құрады;

"Қазатомөнеркәсіп" КеАҚ" АҚ бойынша жүргізілген IPO (2018 ж.) және SPO (2019 – 2020 жж.) шеңберінде инвестициялар тарту үшін ақша қаражатының көлемі 297 млрд теңгені құрады.

Жалпы жүргізілген талдаудың нәтижелері оң макроэкономикалық әсерді көрсетіп отыр, ол:

мемлекеттің экономикаға қатысу үлесін 2016 жылғы 18,3 %-дан 2020 жылдың қорытындысы бойынша ЖІӨ-ге қатысты 14,6 %-ға дейін төмендетуді;

республикалық меншік пен "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ активтерін сатудан Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына шамамен 345 млрд теңге сомасындағы түсімдерді (2017 ж. бастап);

жекешелендірілген ұйымдардың меншік иелерінің қызмет бейінін және жұмыскерлердің штат санын сақтауын қамтамасыз етті.

#### *Ұлттық әл-ауқат қорына қатысты*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің атына және тапсырмасы бойынша Ұлттық әл-ауқат қоры төлемдерінің өсуі жалғасуда, 2023 жылдың қорытындысы бойынша дивидендтік саясат нормалары асыра орындалды. 2024 жылдың қорытындысы бойынша дивидендтік саясат ережелерінің асып түсуі (3 есеге) болжанады.



Ағымдағы жылы Ұлттық әл-ауқат қоры "өсу нүктесі" шеңберінде жобаларды қаржыландыруға тартылды. Бюджетті қалыптастыру кезінде мақұлданған, бірақ республикалық бюджеттің кіріс бөлігінің шектеулі болуына байланысты жобалардың бір бөлігін қаржыландыру тоқтатыла тұрды, бұл ретте олар Қор тарапынан қолдау тапты. Мысалы, бұл өңірлерді газдандыру жөніндегі жобаларды одан әрі іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарды қаржыландыру, жалға берілетін тұрғын үйлер құрылысы, оның шеңберінде мұқтаж адамдар үшін кемінде 1,0 млн шаршы метр тұрғын үй алаңын пайдалануға беру жоспарланып отыр. "Қазатомөнеркәсіп" ҰАҚ" АҚ-дағы Қордың қатысу үлесінің 12 %-ы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының пайдасына өткізілді, Ұлттық әл-ауқат қоры түскен қаражатты толығымен республикалық бюджетке аударды.

Сонымен қатар бүгінгі таңда Ұлттық әл-ауқат қорының тобы маңызды инфрақұрылымдық, оның ішінде энергетика секторындағы, сондай-ақ газ және теміржол салаларындағы жобаларды іске асыруға шоғырланған. Инвестициялық жобалар капиталды көп қажет етеді әрі меншікті, сол сияқты қарыз қаражатының айтарлықтай көлемін салуды талап етеді. Республикалық бюджет пен Ұлттық қор қаражаты нақтылы қатысады.

Үкімет активтер мен IPO-ны жекешелендіру жөніндегі болашақ жоспарларды табысты жүргізу мақсатында квазимемлекеттік секторды және корпоративтік басқаруды одан әрі дамытудың маңыздылығын түсінеді. Ұлттық әл-ауқат қорының қызметінде инвестициялық жобаларды іске асыруға айрықша назар аударылуы қажет, бұл сындарлы салалардағы маңызды міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Ұлттық әл-ауқат қорының бейінді емес бағыттарды қаржыландыруды шектеуі кезең-кезеңімен енгізілетін болады. Бюджет заңнамасының және корпоративтік басқару нормаларының талаптары орындалуы қажет.

#### **4. Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі өзге де деректер**

Ұлттық баяндаманы мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган тиісті салалардың уәкілетті органдары, жергілікті атқарушы органдар, КСС тізілімге ұсынған ақпарат негізінде дайындалды.

Сонымен қатар Ұлттық баяндаманы дайындау барысында тізілімге мәліметтерді дұрыс ұсынбау не ұсынбау жағдайлары анықталды, бұл Ұлттық баяндаманы қалыптастыруға кедергі келтіріп, ОМО-ға және ЖАО-ға жазбаша сұрау салулар жіберу қажеттігіне алып келді, осыған байланысты тиісті салалардың уәкілетті органдары және жергілікті атқарушы органдар тарапынан тізілімге енгізілетін деректердің уақтылылығын, толықтығын және анықтығын бақылау жөнінде тиісті жұмыс жүргізу талап етіледі.

Бұдан басқа, тиісті кезеңге арналған даму жоспарларын (іс-шаралар жоспарларын) және олардың орындалуы жөніндегі есептер мен тізілімге ұсынылатын өзге де

ақпаратты сапалы толтыру бойынша КСС басшылары мен лауазымды адамдарының әкімшілік жауапкершілігін белгілеу жөніндегі мәселені қараған жөн.

Ескертпе:

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

АҚ	- акционерлік қоғам
АМҚ	- Арнаулы мемлекеттік қор
ӘМСҚ	- Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры
"E-Qazyna.kz" АЖ	- тізілім
ЖАО	- жергілікті атқарушы органдар
ЖІӨ	- жалпы ішкі өнім
ЖӨҚ	- Жәбірленушілерге өтемақы қоры
ЖШС	- жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ББИҚҚ	- Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры
КМҚК	- коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын
КСС	- квазимемлекеттік сектор субъектілері
ҚР АҚДМ	- Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
ҚР АШМ	- Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
ҚР Әділетмині	- Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
ҚР БҚДА	- Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі
ҚР ҒЖБМ	- Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі
ҚР ДСМ	- Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
ҚР Еңбекмині	- Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
ҚР ЖАП	- Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы
ҚР ИИДМ	- Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі
ҚР ІІМ	- Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
ҚР КМ	- Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі
ҚР Қаржымині	- Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
ҚР ҚМА	- Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі
ҚР Қорғанысмині	- Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі
ҚР МАМ	- Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
ҚР МКҚ	- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі

ҚР МҚА	- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
ҚР ОСК	- Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы
ҚР ОМ	- Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
ҚР ӨҚМ	- Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі
ҚР ПІБ	- Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы
ҚР СЖРА	- Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
ҚР СИМ	- Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі
ҚР СІМ	- Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі
ҚР СРИМ	- Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігі
ҚР ТЖМ	- Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі
ҚР ТСМ	- Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі
ҚР ҰҚ	- Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры
ҚР ҰҚК	- Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті
ҚР ҰЭМ	- Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі
ҚР ЦДИАӨМ	- Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
ҚР ЭМ	- Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі
ҚР ЭТРМ	- Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі
ҚТК	- қызметтің түйінді көрсеткіштері
МӘСҚ	- Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры
МТҚБ	- материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы
ОМО	- орталық мемлекеттік органдар
РМҚК	- республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын
СБШ	- сенімгерлік басқару шарттары
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет	- Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі
ШЖҚ РМК	- шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын

ШЖҚ КМК	- шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын
ҰБХ	- ұлттық басқарушы холдингтер
ҰК	- ұлттық компаниялар
Ұлттық әл-ауқат қоры	- "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы
ҰХ	- ұлттық холдингтер

Ұлттық баяндаманы қалыптастыру кезінде пайдаланылған нормативтік құқықтық актілер

"Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі "Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 қыркүйектегі № 1008 Жарлығы;

"Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 522 Жарлығы;

"Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 8 мамырдағы Жарлығы;

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі;

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі;

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;

"Концессиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;

"Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;

"Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;

"Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;

"Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;

"Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;

"Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;

"2021 – 2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;

"2022 – 2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;

"2023 – 2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;

"Сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттің мүлік құқығына ие болу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 қыркүйектегі № 1103 қаулысы;

"Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер мен ұйымдардағы мемлекеттік қатысу үлестеріне кірістер туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 142 қаулысы;

"Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі ұлттық басқарушы холдингтердің (Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда), ұлттық холдингтердің және ұлттық компаниялардың, сондай-ақ ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің құрамына кіретін ұлттық компаниялардың (Ұлттық әл-ауқат қоры тобының құрамына кіретін ұлттық компанияларды қоспағанда) әкімшілік шығыстарының жекелеген түрлерінің лимиттерін және оларға мониторинг жүргізу тетігін айқындау және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 1266 қаулысы;

"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының дивидендтік саясатын айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 мамырдағы № 543 қаулысы;

"Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 қаулысы;

"Мемлекеттік мүлікті, оның ішінде мемлекеттік кәсіпорындардың және мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың басқару тиімділігінің мониторингін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 4 желтоқсандағы № 1546 қаулысы;

"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 ақпандағы № 237 қаулысы;

"Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 1 шілдедегі № 389 қаулысы;

"Қазақстан Республикасындағы квазимемлекеттік секторды реформалау жөніндегі талдамалық баяндаманы және оны іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 6 қыркүйектегі № 654 қаулысы;

"Квазимемлекеттік сектор субъектілерін құруға мораторий енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 21 тамыздағы № 678 қаулысы;

"Мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1095 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 31 мамырдағы № 430 қаулысы;

"Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі ұлттық компаниялардың, акционерлік қоғамдардың басшы жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттары туралы үлгілік ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 шілдедегі № 326 бұйрығы;

"Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардағы корпоративтік басқарудың үлгілік кодексін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 5 қазандағы № 21 бұйрығы;

"Мемлекеттік мүліктің тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 26 наурыздағы № 207 бұйрығы;

"Мемлекеттік мүлік тізіліміне деректерді беру нысанын, көлемін және кезеңділігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 10 сәуірдегі № 267 бұйрығы;

"Мемлекеттік мүлік тізіліміне есепке алу объектілері деректерін енгізудің, сондай-ақ мемлекеттік мүлікке түгендеу, паспорттау және қайта бағалау жүргізудің бірыңғай әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 15 желтоқсандағы № 636 бұйрығы;

"Мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқаруға беру қағидаларын және мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқарудың үлгілік шартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 17 бұйрығы;

"Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 212 бұйрығы;

"Салық төлеуші және (немесе) үшінші тұлға кепілге қойған мүлікті, сондай-ақ салық төлеушінің (салық агентінің) билік ету шектелген мүлкін – салық берешегі есебіне, төлеушінің – кедендік төлемдер, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары, өсімпұлдар, пайыздар бойынша берешегі есебіне өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 1 ақпандағы № 111 бұйрығы;

"Жасалған концессия шарттарының және берілген мемлекеттік кепілдіктер мен мемлекет кепілгерліктерінің тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 26 ақпандағы № 133 бұйрығы;

"Концессия объектілерін мемлекеттік меншікке қабылдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы № 642 бұйрығы;

"Мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектілерін мемлекеттік меншікке қабылдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 713 бұйрығы;

"Жарғылық капиталында мемлекет қатысатын мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің, заңды тұлғалардың тізілімінде "Байқоңыр" кешенінің мүлкін есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 27 желтоқсандағы № 667 бұйрығы;

"Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 ақпандағы № 14 бұйрығы;

"Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің және ұлттық компаниялардың даму жоспарларын және акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың іс-шаралар жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингтеу және бағалау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 149 бұйрығы;

"Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің және ұлттық компаниялардың даму жоспарларының орындалуы жөніндегі есептерді және акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың іс-шаралар жоспарларын әзірлеу және ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 26 ақпандағы № 139 бұйрығы;

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі құрған республикалық мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда, республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 134 бұйрығы;

"Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының қаражатын бөлу, жұмсау, мониторингтеу және есептілігі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 17 ақпандағы № 38 бұйрығы;

"Республикалық бюджетке, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына, Жәбірленушілерге өтемақы қорына, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына, Арнаулы мемлекеттік қорға түсетін түсімдерді алуға, сондай-ақ салықтық емес түсімдердің, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдердің, трансферттердің, бюджеттік кредиттерді өтеу сомаларының, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдердің, қарыздардың бюджетке, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына, Жәбірленушілерге өтемақы қорына, Білім беру инфрақұрылымын қолдау

қорына, Арнаулы мемлекеттік қорға артық (қате) төленген сомаларын бюджеттен, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан, Жәбірленушілерге өтемақы қорынан, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан, Арнаулы мемлекеттік қордан қайтаруға және (немесе) есепке жатқызуға жауапты уәкілетті органдардың тізбесін бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 7 ақпандағы № 136 бұйрығы;

"Мемлекеттік тапсырманы әзірлеу және орындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 236 бұйрығы;

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі құрған республикалық мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда, республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 134 бұйрығы.